

Қазан селолық округінде бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу қою туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 8 қыркүйектегі N 189/9 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қазанда N 12-10-87 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 21 маусымдағы N 185/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012.06.21 N 185/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18) тармақшасына, 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Май ауданының бас малдәрігері инспекторының 2009 жылғы 30 тамыздағы N 705 ұсынысы негізінде және Қазан селолық округінің аумағында ірі қара малдан бруцеллез ауруының тіркелуіне байланысты аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазан селолық округінде бруцеллез ауруына шектеу қойылсын.
2. Қазан селолық округінің әкімі М.Қ.Күлетовке, селолық округтің малдәрігерлік инспекторы М.Мусинге (келісім бойынша) бруцеллез ауруын жою бойынша іс-шараларды орындау жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

А у д а н ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы *Т. Сарин*

" К е л і с і л д і "

ҚР АШМ АӨК МИК Май аудандық аумақтық
инспекциясының бастығы
2009 ж. 7 қыркүйектегі *Н. Жұмабаев*